

География пәнінен облыстық олимпиада 2025-2026

10 сынып, 2 тур

Бұл тур 1 ұпайлық (30 ұпай) 30 тест сұрақтарынан және 10 ұпайлық (20 ұпай) есептеуге арналған 2 тапсырмадан тұрады.

Бұл олимпиада үшін алуға болатын ең жоғары ұпай – 50.

Олимпиаданы орындау уақыты: 90 минут (1.5 сағат).

Тест сұрақтары

Бес жауап нұсқасынан **тек бір** жауапты таңдаңыз.

Назар аударыңыз: кейбір жауап нұсқалары бір парақтағы бірінші бағаннан екіншісіне немесе екінші бағанның соңынан келесі парақтың бірінші басына ауыстырылады. Таңдау жасау кезінде осы жауап нұсқаларын міндетті түрде ескеріңіз.

1. Төмендегі тау жыныстарының қайсысы физикалық үгілуге қарағанда химиялық үгілуге көбірек ұшырайды?
A. Гранит
B. Риолит
C. Доломит
D. Дацит
E. Долерит
2. Неліктен орографиялық әсер құрғақшылықты арттырады?
A. Тау биіктігі
B. Олар орналасқан ендіктер
C. Беткейлік көлбеулік (экспозиция склонов)
D. Таулардағы желдің жоғары жылдамдығы
E. Таулардағы төмен температура
3. Ең батыста орналасқан оқшау (изолят) тіл:
A. Баск
B. Нахали
C. Корей
D. Шешен
E. Нивх
4. Қай елде суармалы егістік жерлер аумағы ең көп?
A. Пәкістан
B. АҚШ
C. Қытай
D. Үндістан
E. Мысыр
5. Жер шарының орталығынан ең алыс орналасқан нүкте қай елде орналасқан?
A. Непал
B. Қытай
6. Тропикалық ендіктегі құрлықтардың батыс жағалауларында суық мұхит ағындарының әсерінен қандай климат қалыптасады?
A. Ылғалды тропикалық
B. Шөл
C. Муссондық
D. Жерорталық
E. Қоңыржай континенттік
7. Меркатор проекциясының негізгі кемшілігі
A. Пішіндердің бұрмалануы
B. Қашықтықтардың бұрмалануы
C. Ауданның бұрмалануы
D. Бағыттың бұрмалануы
E. Масштабтың болмауы
8. Реликт көлдердің ерекшеліктері:
A. Судың жоғары мөлдірлігі
B. Бай флора мен фауна
C. Судың химиялық құрамында магний сульфаттары мен хлоридтерінің басым болуы
D. Ежелгі дәуірлерден қалған түбіндегі шөгінділер
E. Ежелгі қалқандар мен платформалардағы бассейннің орналасуы
9. Қазіргі деректерге сүйене отырып, табиғи газ өндіру бойынша көшбасшы ел қайсы?
A. АҚШ
B. Ресей

- C. Иран
- D. Қытай
- E. Канада

10. Үшінші секторға не кіреді?

- A. Туризм
- B. Құрылыс
- C. Тау-кен өндірісі
- D. Балық аулау
- E. Ағаш кесу

11. Полк бұғазы қай географиялық нысандардың арасында орналасқан?

- A. Үндістан мен Шри-Ланка арасында
- B. Сицилия мен Корсика арасында
- C. Кипр мен Түркия арасында
- D. Индонезия мен Малайзия арасында
- E. Ирландия мен Ұлыбритания арасында

12. Павлодар қаласында алюминий өңдеу зауытының орналасуына қандай фактор әсер етті?

- A. Боксит кен орындарына жақындығы
- B. Энергетикалық фактор
- C. Халықаралық көлік жолдарының тоғысы
- D. Экологиялық фактор
- E. Климаттық фактор

13. Оолиттер қай жерде пайда болуы мүмкін?

- A. Мұхиттық ойыстарда және суық суларда
- B. Мұздық жазықтар және еріген суларда
- C. Шөлдер және эолдық процестер жағдайында
- D. Таулы аймақтарда
- E. Таяз суларда, жылы мұхитта

14. Төменде аталғандардың қайсысы мұхит өнімділігіне ең аз әсер етеді?

- A. Күн сәулесі
- B. Су температурасы
- C. Мұхит ағыстары
- D. Апвеллинг
- E. Жағалау сызығының пішіні

15. Қазақстанның уран кені қорлары негізінен қай облыста шоғырланған?

- A. Ақмола
- B. Түркістан
- C. Қарағанды
- D. Жетісу

E. Ұлытау

16. Белгілі бір елдің жан басына шаққандағы ЖІӨ-сі жоғары, және сонымен қатар Джини коэффициенті де жоғары. Бұл ел туралы қай тұжырым шындыққа ең жақыны?

- A. Халықтың басым көпшілігінің өмір сапасы жоғары
- B. Елдегі экономикалық өсім біркелкі жүреді
- C. Көлеңкелі сектор экономиканың үлкен бөлігі
- D. Байлық халық арасында біркелкі таралмаған
- E. Ел демографиялық ауысудың 2 кезеңінде

17. Солтүстік Америкада таралған, келесі белгілермен сипатталатын өсімдік жамылғысының типі қалай аталады?


- мәңгі жасыл қатты жапырақты бұталар,
 - құрғақшылыққа төзімді ұсақ, қалың жапырақтар,
 - жиі болатын табиғи өрттерге бейімделген,
 - Жерорта теңіздік климат жағдайында қалыптасады (жазы ыстық әрі құрғақ, қысы жұмсақ әрі ылғалды)
- A. Маквис
 - B. Чапараль
 - C. Эспиналь
 - D. Пампа
 - E. Гарига

18. Төмендегі қалалардың қайсысы Апшерон түбегінде орналасқан?

- A. Афина
- B. Мадрид
- C. Рим
- D. Баку
- E. Ыстамбұл

19. Қоқиғаздардың (қызғылт фламинго) ең солтүстіктегі ұя салу орны

- A. Ладога көлі
- B. Теңіз көлі
- C. Жоғарғы көлі
- D. Гурон көлі
- E. Тонлесап көлі



Тюннен моделі туралы берілген ресурсты пайдаланып, 20-22 сұрақтарға жауап беріңіз:

20. Аймақтарды оларға сәйкес келетін шаруашылық қызмет түрлерімен сәйкестендіріңіз

- A. 1 – Тауарлы дақылдар, 2 – Мал шаруашылығы, 3 – Бақша шаруашылығы, 4 – Мал бордақылау
- B. 1 - Бақша шаруашылығы, 2 - Мал бордақылау, 3 - Мал шаруашылығы, 4 - Тауарлы дақылдар
- C. 1 – Бақша шаруашылығы, 2 - Тауарлы дақылдар, 3 - Мал бордақылау, 4 - Мал шаруашылығы
- D. 1 - Тауарлы дақылдар, 2 - Бақша шаруашылығы, 3 - Мал шаруашылығы, 4 - Мал бордақылау
- E. 1 - Мал бордақылау, 2 - Бақша шаруашылығы, 3 - Мал шаруашылығы, 4 - Тауарлы дақылдар

21. Сүт зауытын орналастыру үшін қай аймақ ең қолайлы?

- A. 1
- B. 2
- C. 3
- D. 4
- E. Қалада

22. Неліктен шаруашылық қызмет түрлері 20-сұрақта көрсетілген тәртіппен орналасқан?

- A. Ең экстенсивті түрде өндірілетін дақылдар нарыққа жақын жерлерде, ал интенсивті өндірілетін өнімдер алыс аймақтарда орналасады
- B. Шаруашылық қызмет түрлері кездейсоқ түрде орналасқан
- C. Ең интенсивті түрде өндірілетін дақылдар нарыққа жақын жерлерде, ал

экстенсивті өндірілетін өнімдер алыс аймақтарда орналасады

D. Қала маңында климаттық жағдайлар ең қолайлы, ал алыс аймақтарда қолайсыз

E. Қала маңында климаттық жағдайлар ең қолайсыз, ал алыс аймақтарда салыстырмалы түрде қолайлы

23. Ылғалды жылы ауа салқын бетке келген кезде пайда болатын тұман түрі қалай аталады?

- A. Радиациялық
- B. Адвективті
- C. Орографиялық
- D. Булану тұманы
- E. Мұзды тұман

24. Маятниктік миграция санын ең көп арттыратын фактор қайсы?

- A. Туу деңгейінің өсуі
- B. Субурбанизация
- C. Жеке көліктің кең таралуы
- D. Урбанизация
- E. Туризмнің дамуы

25. Төмендегі қай үдеріс ескі арналардың қалыптасуында ең басым?

- A. Су тасқындары кезіндегі табандық (тереңдеу) эрозиясы
- B. Бүйірлік эрозия мен аккумуляция
- C. Өзен жағаларының химиялық үгілуі
- D. Өзен жайылмасының тектоникалық көтерілуі
- E. Өзеннің суының жер асты суларын қоректендіру

26. Солтүстік жарты шардағы пассат желдерінің бағыты

- A. Оңтүстік-шығыстан солтүстік-батысқа қарай
- B. Солтүстік-шығыстан оңтүстік-батысқа қарай
- C. Батыстан шығысқа қарай
- D. Оңтүстіктен солтүстікке қарай
- E. Шығыстан батысқа қарай

27. Сикхизм қай елде кең таралған?

- A. Мьянма
- B. Үндістан
- C. Пәкістан
- D. Түркия
- E. Қытай

28. Суффозия мен карст арасындағы айырмашылық неде?
- A. Суффозия судың әсерін қамтиды, ал карст қамтымайды
 - B. Карст судың әсерін қамтиды, ал суффозия қамтымайды
 - C. Суффозия - тау жыныстарының механикалық шайылуы, карст - тау жыныстарының химиялық еруі
 - D. Карст - механикалық шайылу, суффозия - химиялық еру
 - E. Барлық жауаптар қате
29. Аруба аралының астанасы?
- A. Ораньестада

- B. Виллемстад
- C. Кралендейк
- D. Сент-Джордж
- E. Лелистад

30. Демографиялық өтудің үшінші кезеңінде не болады?
- A. Жоғары туу кезінде өлім-жітімнің төмендеуі
 - B. Туудың төмендеуі және өлім-жітімнің төмен деңгейі
 - C. Туу мен өлім-жітімнің бірдей өсуі
 - D. Туудың өлім-жітімнен төмен болуы
 - E. Жоғары туу мен жоғары өлім-жітімнің теңдігі

1-бөлім. Демографиялық есептеулер

1. 1-сызбадағы деректерді пайдаланып, демографиялық гистограмма құрыңыз. [3]

Гистограмма - тіктөртбұрыштар (бағандар) түріндегі мәндердің таралуын көрсететін деректердің графикалық көрінісі.

Жасы	Саны (адамдар)
0-9	11
10-19	15
20-29	19
30-39	14
40-49	12
50-59	10
60-69	8
70-79	5
80-89	4
90-99	2

1-сызба. Жас санаттары бойынша 100 адамнан сауалнама

$$Me = L + \frac{(0.5N - F)}{f} \times i$$

2-сызба. Медианалық жасты есептеу формуласы.

Медианалық жас – бұл халықтың екі тең бөлікке бөлінген жасы: адамдардың жартысы осы жастан кіші, жартысы үлкен.

2. Қолжетімді деректерден және 2-сызбадан алынған формулалардан үлгінің медиана жасын кезең-кезеңімен есептеңіз, мұндағы

Me – медианалық жас; L – медианалық интервалдың төменгі шегі; N – жалпы халық саны; F – медианалық интервалға дейінгі халық саны; f – медианалық интервалдағы халық саны; i – жас интервалының ұзындығы. **Жауабыңызды ондық бөлшекке дейін жуықтаңыз.** [4]

3. Демографиялық пирамидаға сәйкес, бізге келесілер белгілі:

- ◆ 15-64 жастағы халық = жалпы халық санының 62%-ы
- ◆ 0-14 жастағы халық = 5 400 000 немесе жалпы халық санының 18%-ы
- ◆ 65+ жастағы халық = жалпы халық санының 20%-ы

Анықтаңыз:

- ◆ X елдің жалпы халық санын [1]
- ◆ 15-64 жас тобындағы халық санын [0.5]
- ◆ 65+ жас тобындағы адамдар санын [0.5]


4. 3-тапсырманың деректеріне сүйене отырып, X елінің жас құрылымының түрін анықтаңыз және сол типтегі елдің бір мысалын келтіріңіз. [1]

2-бөлім. Геологиялық уақыт

Тау жыныстары қабаттарын жасы бойынша орналастырған кезде - қайсысы ертерек немесе кеш пайда болғанын көрсете отырып - олардың **салыстырмалы уақытын** анықтаймыз. Салыстырмалы уақыт шкаласын белгілеу үшін бірнеше негізгі қағидаларды анықтау және қолдану қажет.

Осындай принциптердің бірі - **үйлесімсіз жайғасу (несогласное залегание/unconformity)** ұғымы, яғни бұл шөгінділердің жиналуы ұзақ уақытқа тоқтаған кезең. Ол үш негізгі түрге бөлінеді:

- 1) Бұрыштық үйлесімсіздік
- 2) Құрылымдық үйлесімсіздік
- 3) Стратиграфиялық үйлесімсіздік



1-сызба. Геологиялық қима (разрез)

1. 1. Жоғарыдағы 1-сызба және өз біліміңізді пайдаланып, тұжырым дұрыс деп ойласаңыз, «Т» әрпін, ал жалған деп ойласаңыз, «F» әрпін жазыңыз: [3]

	Тұжырым	Жауап	
1	“М” құрылымы “L” үйлесімсіз жайғасуынан бұрын пайда болды	T	F
2	“L” және “K” бірдей үйлесімсіз жайғасу түріне жатады	T	F
3	Қимада магматикалық интрузиялар жоқ	T	F
4	“М” құрылымы қосу/инклюзия (inclusion) принципiнiң мысалы болып табылады	T	F
5	“F” қабаты - силл	T	F
6	“M” құрылымы “G” және “F” қабаттарынан кейiнiрек пайда болды	T	F

2. Бұл тұжырым қандай қағидаға қатысты?

“Шөгінді жыныстар басқа шөгінді жынысқа айналғанша немесе шөгінді бассейнің шетіне жақындаған сайын жұқарғанша барлық бағытта созылып жатқан қабаттарда пайда болады.” [0.5]

- A. Бастапқы көлденеңдік (Original Horizontality)
- B. Бүйірлік үздіксіздік (Lateral Continuity)
- C. Суперпозиция
- D. Қиылысатын қарым-қатынастар (Cross-cutting relationships)

3. 1 сызбадағы аймақта болған **үш** ірі геологиялық оқиғаны атаңыз. [1.5]



2-сызба. Белгісіз тау жынысы

4.1. 2-сызбадағы тау жынысының атауы мен қай тау жынысы (толықтай) түріне жататынын жазыңыз. [1.5]

4.2. Бұл тау жыныстарындағы сынықтардың бұрыштық пішінін түсіндіретін екі дұрыс тұжырымды таңдаңыз: [1]

A	Сынықтар су ағындарымен ұзақ уақыт бойы тасымалданды
B	Сынықтардың тасымалдануы өте қысқа немесе мүлдем болған жоқ
C	Тұндыру тыныш теңіз ортасында өтті
D	Сынықтар механикалық домалауға ұшырамады
E	Химиялық тұндырудан пайда болған тау жынысы
F	Судың жоғары тұздылығы сынықтардың пішінін сақтауға ықпал етті
G	Сынықтар магмадан тікелей кристалданды
H	Үстіңгі қабаттардан ұзақ уақыт қысым сынықтарға бұрыштық берді

4.3. 2-сызбадағы тау жынысына аналог болатын, бірақ дөңгелек түйіршіктері бар тау жынысын атаңыз. [1]

Радиоактивтілік - тұрақсыз атом ядроларының ыдырау процесі. Уақыт өте келе тұрақсыз радиоактивті изотоп басқа, тұрақтырақ ядроларға - туынды өнімдерге айналады. **Жартылай ыдырау мерзімі** - берілген радиоактивті изотоптың бастапқы ядроларының жартысының ыдырауына кететін уақыт.

5. Уран-235 іздік мөлшері бар гранит үлгісінен алынған циркон кристалдарын талдау тау жынысында бастапқы изотоптың 12,5%-ы сақталғанын, ал 87,5%-ы оның туынды өнімі - қорғасын-206-ға айналғанын көрсетті. Уран-235 жартылай ыдырау мерзімі 704 миллион жылды құрайды.

5.1. Граниттің жасын анықтаңыз. Жауапты шешімімен бірге жазыңыз. [1]

5.2. Егер үлгіде бастапқы изотоптың 25%-ы қалса, қанша жартылай ыдырау мерзімі өткен болар еді? [0.5]